

ӘОЖ 811.1/.8

ҒТАХР 16.21.63

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.1.76.017>

## МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК МӘДЕНИЕТ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ (ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІ БОЙЫНША)

\*Райхан Б.<sup>1</sup>, Бүркітбай Г.Ж.<sup>2</sup>, Меллат Д.<sup>3</sup>, Adilali Zh.<sup>4</sup>

<sup>\*1,2,3,4</sup> Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеЭТУ, Алматы, Қазақстан

**Андатпа.** Мәдениетаралық қарым-қатынас, бұл әр түрлі мәдениет өкілдерінің арасындағы ақпарат алмасу және өзара түсіністікке жету процесі. Бұл үдеріс кезінде әр мәдениеттегі гендерлік рөлдер мен нормалар ерекше рөл атқарады, өйткені әр мәдениетте гендерлік рөлдер әр түрлі қалыптасқан. Гендерлік мәдениет, бұл қоғамдағы ер мен әйелдің мінез-құлқы мен рөліне қатысты әлеуметтік құрылымдар мен нормалардың жиынтығы. Әр түрлі мәдениетте ер мен әйелдің әлеуметтік мәртебесі, рөлі, мінез-құлқы және қарым-қатынасы туралы түсініктер өзгеріп отырады. Бұл түсініктер әр мәдениеттегі гендерлік мәдениет ерекшеліктерін анықтайды.

Әйел мен ердің әлеуметтік экономикалық, саяси және мәдени мәртебесін, гендерлік рөлі мен қарым-қатынасын зерттеу – уақыт талабы. Соған орай, әрбір жыныс өкілінің қоғамда міндетті деп танылған сөйлеу әдебі, мінезқұлық, дене қимылы т.б. талаптардың орындалуы шарт.

Мақалада мәдениетаралық қарым-қатынас процесіндегі гендерлік және мәдени аспектілер арасындағы қарым-қатынасты зерделеудің маңызы қарастырылып, әр түрлі мәдениеттегі гендерлік рөлдерді анықтайтын факторлар және олардың қарым-қатынас стратегияларына әсері талданады. Мәдени таптауырындарды (стереотиптерді) сыни тұрғыдан қарастыру арқылы гендер туралы түсініктердің қалыптасуына баса назар аударылады. Әртүрлі әлеуметтік-мәдени контексттерде мәдениетаралық түсіністік пен табысты қарым-қатынасқа жетудегі кедергілерді жеңудің ықтимал жолдарын көрсетеді. Зерттеудің мақсаты – мәдениетаралық коммуникацияның сапасын арттыруға көмектесетін бейімделудің және бірлескен әрекеттестіктің тұжырымдамасын ұсыну. Мәдениетаралық қарым-қатынастағы гендерлік-мәдени айырмашылықтарға қысқаша шолу жасалады, осы айырмашылықтарды қалыптастыратын факторлар әсерінің мәселесі қарастырылған.

Зерттеу жұмысында сипаттау, талдау, салыстыру және салғастыру сияқты зерттеу әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижелері мәдениетаралық қарым-қатынастың табыстылығы мен тиімділігін анықтайтын негізгі факторларды қамтиды. Бұл өмір мен кәсіби қызметтің әр түрлі салаларында неғұрлым үйлесімді және өнімді мәдениетаралық қарым-қатынастарды

құруға ықпал ете отырып, оқыту, бейімделу және мәдениетаралық өзара әрекеттесу стратегияларын әзірлеу үшін теориялық және практикалық мәнге ие.

**Тірек сөздер:** мәдениетаралық қарым-қатынас, гендерлік ерекшелік, гендерлік мәдениет, сөйлеу стилі, қоғамдық фактор, қарым-қатынас ерекшеліктері, психологиялық айырмашылықтар, физиологиялық айырмашылықтар

### **Кіріспе**

Әр мәдениетте гендерлік рөлдер мен нормалар әр түрлі қалыптасады. Коммуникация барысында бұл айырмашылықтарды ескеру маңызды. Гендерлік стереотиптер мен мәдени ерекшеліктерге қатысты көзқарастарды қабылдауды дамыту, сонымен қатар, шетелдік серіктестердің мәдени контекстін түсіну. Тіл тек коммуникация құралы ғана емес, сонымен қатар мәдениет пен гендерлік сәйкестікті білдіреді. Тілдегі гендерлік элементтерді талдау арқылы мәдениетаралық коммуникацияны жетілдіруге болады.

Мәдениетаралық қарым-қатынаста гендерлік мәдениет маңызды факторлардың бірі, өйткені ол адамдардың қарым-қатынасына, тілдік нормаларына және коммуникативтік стильдеріне әсер етеді. Мысалы:

- кейбір мәдениеттерде ерлер мен әйелдердің қоғамдық орындарда өзара сөйлесуіне шектеу қойылады;
- басқа мәдениеттерде әйелдер еркектермен тең дәрежеде қарым-қатынас жүргізе алады және көшбасшылық рөлдерді атқара алады;
- әртүрлі мәдениетте гендерлік нормаларға сәйкес қарым-қатынас стилі өзгеруі мүмкін: агрессивті немесе жұмсақ, формалды немесе бейресми болуы ықтимал.

Гендерлік стереотиптер мәдениетаралық қарым-қатынас үдерісінде қиындықтар тудыруы мүмкін. Мысалы, бір мәдениетте әйелдердің өзіндік пікірін ашық білдіруі қалыпты саналғанымен, басқа мәдениетте бұл мінез-құлыққа тыйым салынуы мүмкін. Осылайша, мәдениетаралық қатынас барысында гендерлік ерекшеліктерге көңіл бөлмеу, түсініспеушіліктер мен қақтығыстарға алып келуі мүмкін.

Мәдениетаралық қарым-қатынас қазіргі жаһандану дәуірінде аса маңызды болып отыр. Әртүрлі мәдениеттердің өзара әрекеттесуі күшейіп, адамдардың қарым-қатынасында түсініспеушіліктер мен стереотиптер туындауы мүмкін. Бұл мәселенің гендерлік аспектісі де маңызды рөл атқарады, себебі әртүрлі мәдениеттерде гендерлік нормалар мен рөлдер әрқалай қабылданады. Сондықтан мәдениетаралық қарым-қатынастағы гендерлік ерекшеліктерді зерттеу, осы саладағы тиімділікті арттыру мен өзара түсіністікке жету үшін өзекті болып табылады.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы бірнеше аспектілерден тұрады. Біріншіден, гендерлік мәдениет ерекшеліктері мәдениетаралық қарым-қатынас үдерісінде айрықша орын алады. Әртүрлі мәдениеттердің гендерлік

рөлдерді қалай қабылдайтынын зерттеу қарым-қатынастағы шынайы және жасырын кедергілерді анықтауға мүмкіндік береді. Екіншіден, бұл зерттеу мәдениетаралық өзара әрекеттесудің тиімділігін арттыруға бағытталған жаңа білімдер мен әдістемелер ұсынады. Гендерлік факторларды ескермеу, қарым-қатынастағы негізгі түсініспеушіліктерге әкелуі мүмкін.

Зерттеу барысында әртүрлі мәдениеттерде қалыптасқан гендерлік рөлдер мен нормалардың өзара әрекеттесуге ықпалын зерттеу және олардың мәдениетаралық қарым-қатынастың тиімділігіне тигізетін әсерін анықтау көзделеді. Сонымен қатар, гендерлік айырмашылықтарды ескере отырып, мәдениетаралық қарым-қатынасты оңтайландыру жолдарын ұсыну мақсат етіледі:

1. әртүрлі мәдениеттердегі гендерлік рөлдердің қалыптасу ерекшеліктерін зерттеу;

2. мәдениетаралық қарым-қатынастағы гендерлік стереотиптердің рөлін талдау;

3. гендерлік мәдениет ерекшеліктерінің мәдениетаралық қарым-қатынастағы ықпалын анықтау;

4. мәдениетаралық қарым-қатынастағы гендерлік кедергілер мен олардың себебін анықтау;

5. гендерлік ерекшеліктерді ескере отырып, мәдениетаралық байланыстарды оңтайландыруға арналған ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу осы міндеттерді шешу арқылы мәдениетаралық қарым-қатынастағы гендерлік аспектілерді тереңірек түсінуге және мәдениетаралық өзара әрекеттесуді жақсартуға бағытталған.

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Гендерлік айырмашылықтарды зерттеу XIX ғасырдың екінші жартысында бастау алған. Гендер ғылымының дамуы әрбір елде еркек пен әйелдерге қатысты көзқарастар мен талаптардың өзгерісіне алып келді. Германия, Франция, АҚШ-тан бастау алған феминистік қозғалыстардың шығуы да осы гендер ғылымының дамуына тікелей әсер етті. Бұл өзгерістер Орта Азия елдері мен қазақ қоғамында да көрініс тауып жатыр. Сол себепті де мақаланың ғылыми-теориялық негізі ретінде қытай және отандық ғалымдарының, сондай-ақ басқа да шетелдік ғалымдардың еңбегі зерттеу жұмысына арқау етілді.

Мәдениетаралық қарым-қатынаста гендерлік факторлар мәдениетаралық қарым-қатынасқа маңызды әсер етеді. Егер ерлер мен әйелдер арасындағы гендерлік айырмашылық ескерілмесе, бұл қарым-қатынаста түсініспеушілікке әкеліп соғады және қарым-қатынастың ілгерілеуіне кедергі жасайды. Сондықтан мәдениеттер арасындағы қарым-қатынастағы гендерлік факторларды зерттеу барған сайын ғалымдардың назарын аударуда. Олардың ішінде психолог Гирт Хофсте өзінің Хофстедтің мәдени өлшемдер теориясында еркек пен әйелдің қоғамдағы әртүрлі мінез-

құлық ерекшеліктерін ашып көрсетеді: ерлер қоғамда бәсекеге қабілетті және талапшыл, ал әйелдер қарапайым және қамқор. Сонымен қатар, Вуд, Джулия Т. әйелдер қарым-қатынасының жеті сипаттамасын атап өтті: қарым-қатынас теңдігі, басқалардың сөздерін қолдау, эмпатия, диалогты сақтау, басқаларға жауап беру, диалог стиліндегі жақындық және диалогтың белгісіздігі [1]. Сонымен қатар әлемдік зерттеушілер де бұл мәселеге үлес қосып, гендер теориясынан [2] бастап, гендерлік зерттеулердің теориялық-әдіснамалық негізі [3], мәдениетаралық қарым-қатынастағы гендерлік және мәдени айырмашылықтарды талдау [4] мәселелері біршама талқылануда.

### Нәтижелер

Тілдегі гендерлік айырмашылықтар тіл қолданушысының мәдениет психологиясын, қоғамдық құндылықтардың бағытын қамтиды, сондай-ақ белгілі бір мөлшерде қоғамдық стандарттарды көрінісі болып табылады. Сол себепті ол философия, психология, прагматика, әлеуметтану, антропология, тарих, мәдениеттанумен тығыз байланысты. Бұл тақырыптың басқа ғылымдармен жанасатын аясы кең болғандықтан, осы тақырыпқа тиісті ғылымдармен байланысын анықтау қажет, зерттеу аясы шектелмеген, сонымен бірге тым кең болмауы тиіс. Мәдениетаралық қарым-қатынастағы гендерлік мәдениет ерекшеліктері жайында Қытай ғалымдарының зерттеулеріндегі теориялық мәселелеріне тоқталар болсақ, Чжао Хайчэн мен Лю Синт «Тілдік гендерлік айырмашылықтар мен трансгендерлік қарым-қатынасты зерттеу» атты мақаласында тілдік қарым-қатынас пен вербалды емес қарым-қатынастың екі деңгейіндегі ерекшеліктерін талдауға және жыныстар арасындағы қарым-қатынас процесінде қақтығыс пен түсінбеушілікті азайтуға тырысады [5]. Го Вэнью «Қарым-қатынастағы гендерлік тілдік айырмашылықтар» атты мақаласында қарым-қатынастағы жыныстар арасындағы сөйлеу стиліндегі айырмашылықтардың көрінісі және қазіргі қарым-қатынастағы гендерлік тілдің жаңа сипаттамаларын талқылады [6].

У Шуцун «Сөйлесудегі гендерлік тілдік айырмашылықтар және олардың трансгендерлердің мәдени байланысына әсері» атты еңбегінде диалогтағы жыныстар арасындағы тілдік айырмашылықтарға негізінен жыныстар арасындағы тілдік формалардағы, сөйлеу мәнері мен әдістеріндегі айырмашылықтар кіретінін жеткізді [7]. Бұл айырмашылықтар екі жыныс арасындағы мәдени қарым-қатынасқа кедергі келтіреді. Гендерлік тілдік айырмашылықтардың терең әлеуметтік және тарихи себептері бар. Қарым-қатынаста түсініспеушілікті болдырмау үшін мәдениетаралық қарым-қатынаста қырағылықты дамыту қажет деп атап көрсетеді

Чжун Вэн «Тілдегі гендерлік айырмашылықтар және олардың трансгендерлік қарым-қатынасқа әсері» атты мақаласында жыныстар арасында тілдік қолданудағы айырмашылықтар жыныстар арасындағы қарым-қатынаста қиындықтар туғызады және тіпті түсініспеушіліктер мен

қарама-қайшылықтарды тудыруы мүмкін екенін талдайды [8]. Сондықтан ерлер мен әйелдер арасындағы тілдік айырмашылықтарды нақты түсіну қажет. Жыныстар арасындағы қарым-қатынастағы түсініспеушіліктерді болдырмау үшін, қарым-қатынас біркелкі жүруі үшін қарым-қатынас процесінде екі жыныс өкілдері ұстанатын әртүрлі принциптер мен ойын білдірудің әртүрлі тәсілдеріне мүмкіндігінше көп көңіл бөлу керек.

### Талқылау

Кейінгі кездерде ғалымдар адамның биологиялық жынысына қарағанда әлеуметтік жыныс мәселелерін сөз етуге бет алды. Мәдениет аясында еркек пен әйелге тән қалыптасқан (*еркектік, әйелдік*) және тілде көрініс беретін мінезқұлық ерекшеліктерін білудің мәні зор. Ол жыныс өкілдерінің қоғамдағы әлеуметтік орнымен белгіленеді [6].

Жыныстың әлеуметтік құрылымдануын түсіну үшін, алдымен адамға тән үш бастаудың (*биологиялық, әлеуметтік, трансценденттік*) өзара байланысын ұғыну қажет. Биология адам дамуының алғышарты, негізі десек, бала туудың әйел жынысына тән екендігі табиғи үдеріс, бұл жерде әлеуметтік құрылымданудың еш қатысы жоқ. Ал гендерлік теория бойынша адам трансценденттікті негіз ете отырып, өзінің тіршілік әрекеттерін әлеуметтік дамуымен сабақтастырады [7]. Жыныстар арасындағы қарым-қатынас, мінезқұлық ерекшелігі адамға туа біткен табиғи қасиеттер емес, әлеуметтік институттар мен мәдени дәстүрлер ықпалы нәтижесінде қалыптасатын жасанды құрылым. Олай болса, *жыныс* – жаратылыстан берілген үлес болса, *гендер* – әйел мен ердің қоғам туғызған әлеуметтік бейнесі. Жыныс категориясына қарағанда, гендерлік мәртебе соған сәйкес гендерлік иерархия, мінезқұлық ерекшеліктері табиғаттан берілмейді, қоғамда қалыптасады, әлеуметтік бақылау институттары мен мәдени дәстүрлер арқылы жүзеге асады [8].

Жыныс тек биологиялық мағынаны білдіреді, гендер тек гендерлік мәдениеттің мәдени және әлеуметтік мәнін білдіреді. Жыныстың мәні гендердің тұқым қуалауынан, хромосомалардың және жыныстық гормондардың әрекетінің нәтижесінен басталады. Гендердің мағынасы – физиологиялық факторларға негізделген және әлеуметтік, мәдени және психологиялық факторлардың әсерінен адамдардың әлеуметтенуінің нәтижесі. Гендерлік мәдениетті қоғамдағы ер мен әйел адамдардың ойлау, сөйлеу, іс-әрекет және сезіну аясы деп айтуға болады. Әлеуметтену процесінде адамдар мәдени немесе гендерлік сәйкестікке ие болып, әлеуметтік немесе гендерлік рөлдерге енеді, осылайша әртүрлі гендерлік мәдениеттердің өкілдеріне айналады.

*Гендерлік ерекшелік - қоғамдық мәдениеттің көрсеткіші.* Адамзат баласында ең анық байқалатын айырмашылықтардың екі категориясы бар, олар жыныс айырмашылығы мен жас айырмашылығы болып табылады. Мәдениетаралық қарым-қатынастағы гендерлік мәдени ерекшеліктерге

қысқаша талдау жасайтын болсақ, физиологияға сәйкес, ер адам мен әйел адамның арасында дене құрылысы жағынан өзгешеліктер бар, әлеуметтану тұрғысынан қарасақта, мінез-құлқында белгілі бір ерекшеліктері байқалады. Адамзат баласының өміріндегі ең күрделі құбылыс – тілдік қатынас, яғни тілдік қарым-қатынас. Тілдік қарым-қатынас дегеніміз – адамдардың тіл арқылы бір-бірімен пікірлесуі, түсінісуі, ой алмасуы. Пікірлесу – сөйлеу құралдарын пайдаланып, ойды жарыққа шығару. Тіл – сөйлеу құралдарының тұтас бір жүйесі. Сондықтан сөйлеу мен сөйлеу әрекеттерін, олардың түрлерін жан-жақты меңгергенге дейін ойды белгілі бір тілде жеткізу мүмкін болмайды [9]. Осыдан басқа, тіл білімі зерттеулеріне жүгінсек, ер адам мен әйел адамның сөйлеуі де бірдей емес. Канадалық ғалымдардың байқауынша ер адамдардың кеңістіктегі ой әрекеттері кезінде олардың миының оң жақ жартышарының жұмысы өте қарқынды болады. Бұл ер адамдардың кеңістіктегі қабілеттерінің басымдығын, ал әйел адамдардың тілдік қабілетінің басымдығын түсіндіреді [10,124-127 бб].

Физиология ғалымдарының зерттеулері көрсеткендей, ер адамдардың миының оң жартышарының негізгі функциясы көру болып табылады (қимыл, көру мен қол қозғалыстарын үйлестіру), ал сол жақ жарты шардың негізгі рөлі - сөйлеу қабілеті мен сезімдерін бақылау (абстрактілі теорияны түсіну). Ер адамдардың «ойлаудан» «сезінуге» дейін, яғни мидың оң жағынан сол жағына көшу үдерісі өте күрделі болып келеді. Бұл сатыны әйел адамдармен салыстыратын болсақ, ер адамдарға сәл ұзағырақ уақыт қажет болады. Әйел адамдардың миының оң және сол жартышары икемді болып, сонымен бірге біртұтас болып келеді, сол себепті әйел адамдардың миының екі бөлігі де кез келген уақытта барлық мәселелерді сәтті шешіп, сезімдерге де сезімтал болып келеді. Адам миының екі жартышарының біржақты функцияларға бағытталуы салдарынан айырмашылықтар туындайды. Адамдардың басым көпшілігінің мәлімдеуінше, олардың миының сол жақ жартышары мен оң жақ жартышарының қызметтері әртүрлі. Мидың сол жақ жартышары жоғары дәрежелі, абстрактылы тілдің функциясына ие, сол жақ жартышары сөйлеу мен хабарламаны сөзге сәтті айналдыра алу үдерісінің өтуіне көмектеседі; ал оң жақ жартышар көрнекі, нақты вербалды емес тілдің функциясына ие, оң жақ жартышар кеңістік ақпараты мен тілге аударылуы қиын болып табылатын мәліметтерді өңдеуге көмектеседі.

Ер мен әйел миының екі жартышарлары біржақты функциялар бойынша бағытталуының даму жылдамдығы мен деңгейінде гендерлік айырмашылықтар бар. Әйел адамдардың сол жақ миы ер адамдарға қарағанда ертерек қалыптасады, деңгейі жоғарырақ болады, ал ер адамдардың оң жақ миы әйел адамдармен салыстырғанда ертерек қалыптасады және деңгейі де жоғарырақ болады. Ғылыми зерттеулер ер адамдар мен әйел адамдардың миының ұқсас емес ерекшеліктері бар екенін дәлелдеді. Әдетте біз осындай ерекшеліктерге мән бермейміз, жыныстар арасындағы тілдің гендерлік ерекшеліктері құбылысын біз тек ғылыми зерттеулер арқылы дәлелдей аламыз.



Ер адамдар мен әйел адамдардың киім киісі мен сөйлеуінде белгілі бір стиль бар. Жыныстар арасындағы қолданылатын тілдің айырмашылықтарын зерттеу гендерлік тіл білімі деп аталады. Гендерлік айырмашылықтар қоғамның мәдени көрсеткіші болып табылады.

*Гендерлік мәдениеттегі ерлер мен әйелдердің қарым-қатынас ерекшеліктері, стильдері мен стратегиялары.* Шын мәнінде, ерлер мен әйелдердің арасындағы айырмашылық ертеден балалық шақтан-ақ белгілі. Ғалымдардың пікірінше, әйелдердің гендерлік рөлдері «экспрессивті» бағдармен, ал ерлердің гендерлік рөлдері «аспаптық» бағдармен сипатталады. Мысалы, әйелдер достасса, достар табу – бұл мақсат; ал ер адамдар белгілі бір мақсатқа жетудің құралы ретінде достар табады. Әйелдер мен еркектердің достасуға деген мотивтері мүлдем басқаша екенін байқауға болады. Сондықтан ерлер мен әйелдер арасындағы қарым-қатынас кедергілерін шешкіміз келсе, алдымен ерлер мен әйелдер арасындағы қарым-қатынастың ерекшеліктерін түсінуіміз керек. Ғалымдардың зерттеулерінің нәтижелері төмендегідей:

Әйелдердің қарым-қатынас ерекшеліктері:

1. Жақсы араласады, бір-біріне шыдамды, үйлесімді қарым-қатынаста болады. Қарым-қатынас кезінде сөйлеу мүмкіндігі тең.
2. Бір-бірінен ортақ қасиет іздейді және басқаларды көп кінәламайды.
3. Басқаларға қамқор болады, басқалардың қажеттіліктерін қанағаттандырады және жанашырлық танытады. Эмпатияда жақсы, басқаларға жоғары сезімтал.

4. Реляциялық байланыс.

Еркектердің қарым-қатынас ерекшеліктері:

1) Билік көрсетуді, өзіне сенімділікті және шешімді әрекетті ұнатады. Сөздері мен әрекеттерін пайдаланып үстемдік пен көшбасшылық орнын анықтайды.

2) Бәсекелесуге, сөйлеуге, жеке адамдарды ерекшелеуге және басқалардан асып түсуге, сондай-ақ басқалардың назарын аударуға ұмтылуға және монополиялауға батыл болады.

3) Амбициялы, проблемаларды шешуге қабілетті және мақсатқа қол жеткізгенше ешқашан берілмейтін ерік-жігері бар.

4) Жігерлі, әрқашан ынталы және жеңіске жетуге деген құштарлығы бар.

Жыныстар арасындағы әртүрлі қарым-қатынас сипаттамаларынан басқа, жыныстар арасындағы қарым-қатынас стилі де әртүрлі. Зерттеу арқылы ерлер мен әйелдердің ауызекі сөйлесу қарым-қатынас стильдерінің келесі түрлері салыстырылады:

1. Әйелдер сөйлеуді үйлесімді тең қарым-қатынас орнату және сақтау ортақ тіл табысу үшін пайдаланады, ал ер адамдар өздерінің беделі мен сенімділігін көрсету, сондай-ақ өздерінің үстемдігі мен күшін анықтау үшін пайдаланады;

2. Әйелдер еркектерге қарағанда басқаларға тез жанашырлық танытады және эмпатияға шебер;

3. Әйелдер басқаларды көбірек тыңдайды. Әйелдер басқалардың әңгімесіне қолдау көрсету үшін жиі келісуші сөздер қолданады немесе бас ізейді, басқалардың әңгімесін сирек үзеді. Мысалы: *Айгүл (әйел) және Асқар (ер) бір бөлімде жұмыс істейтін серіктестер. Бір реткі жиналыста Асқар өнімнің тұсаукесері мен көрсетілімдерін жасап жатқанда, Айгүл бүкіл процесте басын изеді және анда-санда «ммм» деді. Асқар сөзін аяқтап, Айгүлдің идеяларын сұрағанда, Айгүл былай деді: Менің ойымша, бұл өнімнің дизайн тұжырымдамасы жақсы емес және компанияға пайда әкелмейді. Бұл сөйлемді естіген Асқар абдырап қалды да, «Айгүл қарсылық танытса, неге ол жиналыс бойы басын изей берді?» деген ойда қалды.*

Қорытындылай келе, екі жыныстың әлеуметтік қарым-қатынасын сәтті және кедергісіз ету үшін әлі де екі жыныстың әлеуметтік қарым-қатынас ерекшеліктері мен стильдерін терең зерттеу қажет, себебі қате түсінетін сигналдардың жіберілуі психологиялық кедергілер тудыруы мүмкін, тіпті үлкен қақтығыстарға әкеледі.

*Гендерлік мәдениет айырмашылықтарын қалыптастыратын факторлар.* Гендерлік мәдениет айырмашылықтарын қалыптастыратын факторларларға тоқталмас бұрын, ең алдымен, тілдегі гендерлік айырмашылықтармен жалпылай танысып шығу қажет. Адамзат қоғамында гендерлік айырмашылықтар тек физиологиядағы айырмашылықтар ғана емес, сонымен бірге мәдениеттен туындаған айырмашылықтар болып табылады. Тіл және жыныстың байланысы біртекті, бір түзудің бойында орналаспайды, ол тоқтамай өзара әрекеттесуде, үнемі дамудың үстінде болады. Ер мен әйел бір-біріне қарама-қарсы тұратын екі физиологиялық жыныс, осындай қарама-қайшылықтың өзі айырмашылық болып табылады, ол кез келген салада өзінің көрінісін табады. Тілді қолданудағы гендерлік айырмашылықтар - адамзаттың қоғамдық өміріндегі оған тән гендерлік айырмашылықтарының көрінісі ғана. Барлық гендерлік айырмашылықтар гендерлік лингвистикамен қамтылған. Екіншіден, осы тақырыптың тиісті ғылымдармен байланыстырымен танысу қажет. Гендерлік сана адамзат қоғамының дамуымен басынан аяғына дейін ілесіп жүреді, кез келген салада оның бар екенін байқаймыз. Екі жыныстың тілді қолданудағы ерекшеліктерін негізге алып, гендерлік мәдениет ерекшеліктерін ашуға тырысамыз.

Екі жыныстың қуану, таңқалу, қорқу және т.б. сезімдерде пайдаланатын сөздеріндегі гендерлік ерекшеліктеріне мысал келтірсек:

- *Қалқам, - деді қуанып кеткен Қалампыр, – қайда болдың, сәулем? Келші бері! Зәрем кетті ғой, сені жоғалтып!.....(С.Оспанов)*

Әйел адамның сезімінде ең айқын көзге түсетіні – қуаныш. Әйелдегі қуаныш сезімі айқын көрініп тұр.

- *Саған қандай сыйлық алғанымды білесің бе? - деп қорапқа салған*



*алтын сағаттың бетін ашты. Терезеден түскен күн сәулесімен жарқ етті. Майраның көздері нұр шашты.*

*- Қандай тамаша! - деді тамсанып. (Қ.Рахымжан)*

Әдетте қуанышты сәттерде әйелдер құдайға алғыс айтуға бейім, өйткені олардың ойынша бұл игілікті оларға құдай сыйлаған. Сол себепті, қуанған сәттерде әйелдер жиі «құдай», «Алла» сөздерін қосып, алғыстарын білдіреді. Ерекше қуанған сәттерде көздеріне жас алуы да мүмкін. Сол себепті кейбір кездері әйел адамдардың көңіл күйін ажырату қиын.

*- Құлыным менің! Я, Құдай ақсарбас! Ризамын жасаған! Көз жасымды көрдің бе! Аспанда тәңір бар екен! Жалғызым менің! Кел, келші! (Х.Әдібаев)*

Ер адамдар әңгімелесу барысында ашуға беріліп, күштеу, жек көруден туындаған сөйлем формаларын пайдаланады. Ер адамдардың психологиялық ерекшеліктеріне байланысты олардың интонациясында күштеу, жек көру, ашу және басқа да сөздер көп байқалады. Ашуланған сәттерде ызалы көңіл күй «быт-шытын шығару», «қанын ағызу» және басқа да сөздерді пайдалануға итермелейді.

*- Осы тұрған жеріңде быт-шытыңды шығарайын ба? Адамның көңілін неге қалдырасың? Екі табаным күлдіреп түсіп қалыпты. (С.Сматаев)*

*- Ал, тұр бәлем, - деп Қараман Қамысбайдың басына өзі мініп алып, құйрығы мен жонынан шықпырта берді. (М.Әуезов)*

Осыған ұқсас жағымсыз сөздер тек ашулы кезде ғана қолданылмайды, қарсыласпен бетпе-бет қалған кезде де қорқыту мақсатында да пайдаланылады.

Жұматай мұны тыңдауды былай қойып, дауысын суытып қатайтып алып:

*- А, келдің бе, ұры! Көрің қазылған кулактың баласы. Көзіңді көгертемін! - деп, беті шімірікпестен қарсы алды. (М.Әуезов)*

*Жанәли состыып әлі тұр. «Лима, Лимаш-ау, рас па?»- деген сөздерді қайталай беріпті. Бір сәт ашу шақырғысы келіп: Сен қыздың мойныңды бұрап жұлып алармын! – деп өзін-өзі қайрап та көрді. (Ө.Тарази)*

Ыза, кек алу сөздері тек жаумен бетпе-бет келген кезде ғана емес, көңіл-күйі жоқ, жалғыз өзі отырып назаланған кезде де қолданылады.

*- Бұл саған аз. Ескерту ғана, - деді қызынып алған Жәрдем екіленіп, Жыныма тие берсең жұлыныңды үзіп жіберемін. (О.Ахметов)*

Кейбір ер адамдар өзінің қандай мықты екенін айтқан кезде осы сөздерді қолдануы мүмкін.

*- Мен ауылда жоқ едім, - деп гүр етті Жанәли.*

*- Зота келген соң, жағдайды естіп білген соң, папам мен маманның төрт аяғын бір етікке тықтым, ағаларымның да көкесін таныттым. (Ө.Тарази)*

Қазақ қоғамында ер адам басты кейіпкер көрсеткен зәбірге шыдай алмай, ашуға берілген кездегі «саған көрсетемін, жаныңды шығарамын» және осыған ұқсас сөздерді жиі қолданады.

Әйел адамдар ер адамдарға қарағанда әсерді күшейтетін, сөйлеу екпінін күшейтетін құралдарды жиірек пайдалануы қажет, мысалы, сын есімдер мен үстеулердің тілдегі эмоциялық бояуы едәуір күшті болады. Ал ер адамдардың ойлауына сәйкес, сөйлеудің анық, тура, эмоциялық бояусыз болуы қаталдық, мәртебе, жетілу және басқа да қасиеттердің көрінісі болып табылады, егер сұхбат барысында шектен көп пайдаланып, диалог түрінде араласу кезінде ешқандай көмек бермейтін артық компоненттер бар болса, бұл баяу және зеріктіретін болып көрініп қана қоймай, сонымен бірге жеке тұлғаның мәртебесі мен ықпалын төмендетеді. Ер адамдар практикалық маңызға ие, мазмұны анық, айқын сөздерге көңіл бөледі. Ер адамдар мен әйел адамдардың ойлауындағы айырмашылықтар және сезімді білдірудің формаларындағы өзгешеліктердің жалпы сипаты осындай.

Қытай тілінде әйелдердің сөйлеу стиліндегі одағай сөздердің қолданылу жиілігі ер адамдармен салыстырғанда жоғары, оның ішінде біраз артықшылық беретін бірнеше категориядағы одағай сөздер «呀», «天哪» және т.б. бар. Оның ішіндегі «呀» (өзгертілген формасы «哎呀» және басқасын қамтиды) көп жағдайда сөйлемнің басында қолданылып, таңғалу мағынасын береді. Мысалы:

1) 呀/ 你怎么在这儿? - *Ой, сен мұнда неғып жүрсің? 啊呀 (哎呀) · 这样的婆婆! - Eh, осындай ана! сияқты шаттанудың мағынасын беретіндері де бар: 呀/ 实在是太棒了! - Ehe, шынымен де күшті болды! Белгілі бір түрдегі ескертуді білдіреді: 呀 / 糟了 · 我把开会的事儿给忘了 - *Ойбай, қап, мен жиналыс туралы ұмытып кетіппін.**

2) 我又摊开了电话号码本 · 审视一个又一个朋友的面孔 · 到吴琴心这儿我拿起了电话 · “吴琴心 · 我是眉红。” “呀眉红! 你在哪儿?” 我说了交待所的名字 · 吴琴心很惊喜: “呀太棒了! 离我家很近 · .....” (池莉《紫陌红尘》) Мен телефон нөмірлерінің кітапшасын тағы да ашып, бірінен соң бірі достарды қарап шықтым. У Циньсиньге жеткен кезде қолыма телефонды алдым. «У Циньсинь, бұл мен, Мэй Хоң». «О, Мэй Хоң! Сен қайдасың қазір?» Мен байланыс пунктінің атын атадым, У Циньсинь қатты қуанып: «О, неткен тамаша! Маған өте жақын жерде. ... (Чи Ли «紫陌红尘»)

Сонымен бірге «呀» сөзінің көптеген өзгертілген формалары бар, беретін мағынасы негізінде ұқсас болып келеді:

3) 嗨 · 这是怎么了? - *Әй, не болып қалды?*

4) 嗨 · 真不得了! - *Ой, жаман болды!*

Алайда сөйлемнің басқа жерінде кезігетін болса, гендерлік айырмашылықтар қатты көзге түспейді: «原来你也在这里呀» - Сен де осында екенсің ғой, «我主持过很多面试 · 对你们如何进行甄选 · 很有兴趣 · 介绍一下吧» - *Мен көптеген сұхбаттасуларды өткізгем, сендерге қалай іріктеу жасайтыны маған өте қызық. Айтып берші.* Осы сөйлемдерді ерлер мен әйелдер жиі айтуы мүмкін, аса үлкен айырмашылығы жоқ. Ал «天 · 天哪» осы категориядағы одағай сөздер де таңғалудың сезімін білдіреді, мысалы:

5) “天！这哪是来参加小组的，简直是审查工作！”程远青[女]就算身经百战，这种开场白，也是头会见识。（毕淑敏《素面朝天》）

– *Құдай-ау! Бұл қайдағы топқа қатысқаны, нағыз қарастыру бойынша жұмыс! Чэн Юаньцин [әйел] қанша тәжірибелі болғанымен, осылай басталуын алғаш рет көрді* (Би Шуминь «素面朝天»).

6) 李开玲提醒戚润物说：“一个女人要有实用性。” 李凯琳 Ци Жуньюға еске салып сөйледі: «*Әйел адамға құнттылық қажет*».

Егер ер адамдардың сөзімен салыстырмалы талдау жүргізетін болсақ, әйелдердің әдетте одағай сөздерді қолдануының мақсаты таңғалу, тәнті болу, қуану, қайғыру, өкіну және басқа да сезімдерді білдіру болып табылатынын анықтаймыз, ал ер адамдар көп жағдайда ашуды білдіретін, қанағаттанбаушылықты білдіретін одағай сөздерді қолданады. Мысалы, төмендегілер ер адамдардың сөздерін келтіретін үзінділер берілген.

Мысалы: 吓，怎么能这样呢？- *Қап, бұл қалайша болғаны?; 哼！这种作风坏极了 - Ах! Осындай қылықтар ең жаман. 嘿，你倒有理啦！ - Әй, дегенмен сенікі дұрыс!*

Әдеби шығармаларда, көркем фильмдерде немесе күнделікті өмірде екі жыныстың ерекшеліктерін байқауға болады, біздің бақылауымыз олардың затқа немесе мәселеге реакциясы бірдей емес деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Бақылау барысында әйелдердің тікелей реакциясы мен көңіл-күйі ер адамдармен салыстырғанда ұзағырақ уақыт сақталатыны зерттеліп, анықталды, бұл психологиялық айырмашылықтарда, қуану сезімінде де көрініс таба алады.

Тілдік қарым-қатынастағы гендерлік айырмашылықтар «бір жағынан ер адамдар мен әйел адамдардың физиологиялық ерекшеліктерімен байланысты болса, екінші жағынан қоғамдық және психологиялық көптеген факторлармен байланысты, мысалы, ұлттық мәдени салт-дәстүрлер, дін, ғылым және қоғамдық мәртебе, адамгершілік көзқарас, жасы, мінезі және т.б. тығыз байланыста [11], сондықтан оның себебі өте күрделі, тілдегі гендерлік айырмашылықтардың қалыпты заңдылығын дұрыс талдау қажеттілігі туындайды.

### **1. Физиологиялық айырмашылықтар.**

Адамзат қоғамында гендерлік айырмашылықтар тек физиологиядағы айырмашылықтар ғана емес, сонымен бірге мәдениеттен туындаған айырмашылықтар. Тіл және жыныстың байланысы біртекті, бір түзудің бойында орналаспайды, ол тоқтамай өзара әрекеттесуде, үнемі дамудың үстінде болады. Ер адамдар және әйел адамдар бір-біріне қарама-қарсы тұратын екі физиологиялық жыныс, осындай түрдегі қарама-қарсылықтың өзі айырмашылық болып табылады, ол кез келген салада өзінің көрінісін табады, тілді қолданудағы гендерлік айырмашылықтар - адамзаттың қоғамдық өміріндегі оған тән гендерлік айырмашылықтарының көрінісі ғана.

Әйел адамның миы ертерек дамиды және сол жартышар басқарушы қызметін атқарады, ерлер мен әйелдердің физиологиядағы және тілдік қабілеттермен байланысындағы үлкен айырмашылықтар мынадай:

Біріншіден, екі жыныстың сөйлеу органдарының анатомиялық құрылысы бірдей емес, бұл тікелей тілдегі кейбір айырмашылықтарға әкеледі. Дауыстың жоғарылығы мен дауыс желбезектерінің қалыңдығы, созылғыштығы және т.б. бір-бірімен байланысты, әйел адамдардың дауыс желбезектерінің жұқалығы мен қысқалығына байланысты, дауыстың жиілігі жоғары, әрі ащылау келеді; ер адамдардың дауыс желбезектері ұзын болғандықтан, құлаққа төмен болып естіледі, осының бәрі әңгімелесу кезіндегі ұқсамайтын интонацияларды, сөз тандауы мен т.б. айырмашылықтарды береді.

Екіншіден, әйелдер миының сол жартышарының жұмысы ер адамдарға қарағанда белсендірек, бұл нәресте кезіндегі қыз бала ер балаға қарағанда бір ай ерте сөйлей бастайтынында білінеді, сөз қоры молырақ, толығымен анық дыбыстаудың уақыты ер балаларға қарағанда ертерек келеді, сөйлеу қызметіне жауапты сол жартышар өте ерте жетіледі, бұл әйелдердің сөйлеу қабілеттері ер адамдарға қарағанда бір саты жоғары болуының тағы бір себебі.

Үшіншіден, екі жыныста жыныстық гормондардың бөлінуінің уақыты бірдей емес, оның ішінде әйелдердің циклді толқуларына байланысты, олардың мінездері құбылмалы әрі жан дүниесі нәзік болады [12,81-8366].

Физиология және генетика тұрғысынан алып қарағанда, ер мен әйелдің сөйлеу қабілеттері шындығында бір-бірінен ерекшеленеді, алайда жыныстық хромосомалар хромосомалардың жалпы санының 2%-дан аспайды, берілетін белгілердің 98%-дан астамы бірдей болып келеді. Сол себепті физиологиялық тұрғыдағы жыныстық айырмашылықтар жеке айырмашылықтарды толығымен көрсете алмайды, екі жыныстың сөйлеу қызметіндегі ортақ қасиеттер жеке-дара болып табылады, сондықтан біз басқа факторлардың гендерлік айырмашылықтар құбылысына әсерін қарастыруымыз қажет, физиологиялық айырмашылықтардың рөлін асыра бағалаудың қажеті жоқ.

## **2. Психологиялық айырмашылықтар**

Психологиялық қабілеттердегі айырмашылықтар тілде көрініс тапқан кейбір айырмашылықтарға әсер ете алады, мысалы, әйелдердің көру реакциясы (түстерді ажырату, эмоцияларды ажырату және т.б. қамтиды), көңіл-күйді сезуі, тілдік қабілеттердегі артықшылықтарымен олардың түстерді білдіретін сөздерді белсенді қолдануын түсіндіруге болады, әңгімелесудің ахуалын жақсы сезінуі мен бақылауы сөйлеу жылдамдығының жоғарылығында және т.б. құбылыстарда көрініс табады.

## **3. Қоғамдық фактор**

Тілдегі гендерлік айырмашылықтарды түзетін себептердің ішіндегі ең негізгісі және ең күрделісі қоғамдық фактор болып табылады, ұзақ мерзімді

қоғамдық даму барысында ерлер мен әйелдердің орны мен қоғамдық еңбек бөлінісінің бірдей еместігі топтардың білім деңгейі, қоғамдық орын және басқа жағынан айырмашылықтарды тудырды, екі жыныстың жанасатын объектілері бірдей емес, құндылықтары әр түрлі, бұл тікелей түрде әңгіме тақырыптары, сөз қорын таңдау және әңгімелесу формаларындағы айырмашылықтарға әкеліп, негізінен төменде көрсетілген салаларда көрінісін тапты:

#### 1) Білім деңгейі

Әлемнің кез келген мемлекетінде ерлер мен әйелдердің білім алуға мүмкіндігі, білім деңгейі бірдей емес. Еңбек гендерінің қоғамдық еңбек бөлінісіне байланысты, олар білім алудағы айырмашылықтарды тудырады. Мысалы, қытай әйелдерінің ұзақ уақыт бойы білім алуға мүмкіндіктері болмады, немесе оларға «білім» қажет болмады, олар бала кезден бастап әке-шешеге бағынуды басшылыққа алып, қоғам стандарттарын сақтайтын. Әйел мінезі деп аталатыны - биязылығы бойында бар жақсы ана және сүйікті жар болатын. Ал ер адамдар оқу орындарының, ұстаздардың, қоғамның және басқаның жан-жақты тәрбиесін алуды, нағыз ер адамның болмысына, батылдыққа ие болуды, шебер болуды және тегеуріндерге дайын болуды, қоғам, үй, әйел басқарушысының рөлін атқаруды міндет еткен. Осылайша ер адамдар көп жағдайда бұйрықты, хабарлы және басқа да сөйлемдермен қолданып, ер адамның білімінің беделі мен батылдығын насихаттайды. Ал әйел адамдарға келетін болсақ, сыпайы да астарлы сұраулы сөйлемдер әйел адамдардың рөлі мен орнына сәйкес келеді, бұл объект пен мәселені танудың дәрежесі төмен екендігінің көрінісі болып табылады, ер адамның мақұлдауы мен көтермелеуін қажет етеді, пікірін сұраудың бір түрі болып табылады, қатені аз жасайтын тәртіпті сақтаудың көрінісі, тілдің даму барысында басынан аяғына дейін қолдауға ие болған.

#### 2) Қоғамдық орны

Көптеген лингвисттер оны «қоғамдық рөлдер» немесе «қоғамдық стандарттар» деп атайды, ер адам мен әйел адамдардың қоғамдағы алатын орнын көрсетеді. Әртүрлі қоғамдық рөлдер ертеден-ақ гендерлік үлгілерді тудырды, бұл сондай-ақ халықтың екі жыныстың әрекеттерінен күтетін стандарттары мен тұрақты модельдері. Жақсы ана мен сүйікті жар әйел адамның дәстүрлі рөлі болып табылады, сондай-ақ медбике, хатшы, мұғалім және т.б. бар, ал ер адам күн сайын сыртта тіршілік жасап, күнкөріс қаражаттарын табады, күйеу немесе әке әдетте бір үйдің тірегі және табыскері. Қоғам табыстаған ер адамның осындай құқығы ер мен әйел адамның араласуына әсер етті, ер адам әңгімелесу кезінде сұхбатты толық басқарады, қағида жүзінде сөзіне араласуға, сөзін бөлуге рұқсат бермейді, әйтпесе бұл оның құқығы мен орнын сыйламау деп саналады. Сондықтан ер адамның қоғамдағы белсенділігі оған тіке айтуға мүмкіндік берді, көпті көрген, көп нәрсені білген ерекшелігі тілдегі міндетті еркіндігінде, ашықтығында көрініс тапты. Әйел адамдар үнемі күйеуі мен балаларына



қамқоршы болып, үлкендер мен күйеуіне бағынатын, сөйлесу кезінде көңіл күйді ескеріп, интонациясы жұмсақ, сөзі әдемі, сөйлем құруда сақтыққа мән беретін, бұл міндетті түрде тілдің оқшаулануына, сақталатын тіл стандарттарының пайда болуына әкелді. «Әйел үйде, еркек сыртта басшы» деген сөз де осы құбылыстың ең жақсы сипаттамасы. Ерлер әлемінің сөйлеу құқығы әдетте басқарушылық қалауын білдіреді; тыңдаушының назарын өзіне аударту; немесе басқа адамның сөзін бөлу. Осындай басты құқыққа ұмтылудың санасы әйелдердің әлеміне қарама-қайшы болып келеді. Әйелдер арасында басты орын құқығының санасы жоқ, бақылауға талас және дәрежелерге бөліну де жоқ, ең бастысы пікірін, көзқарасын және қызығушылығын білдіру, осы себептен ерлер мен әйелдердің тілдік өзара араласуы кезінде айырмашылықтар айқын болады [13,18-21бб ].

Қазіргі қоғамда керісінше әйел сыртта, ал еркек үйде отыратын өмір сүру дағдысына жиі куә болып жатамыз, алайда әйелдердің жақсы ана, сүйікті жар болудың рөлі де қазір де қалыспай, бұрынғыдай терең тамыр жайып, сөйлеу әрекеттерін шектеп отырады. Дегенмен, заман мен қоғамның дамуына орай, ерлер мен әйелдердің гендерлік рөлдерінің екі полюсті айырмашылықтары біртіндеп әлсіреуде, сондай-ақ өзін-өзі жоюдың әсеріне жеткелі тұр. Қысқа уақыт ішінде, осындай «қоғамдық стандарттарға» сай тілдік жағдай бұрынғыдай сақталады.

Ең соңында, тілдегі гендерлік айырмашылықтар көрсететін гендерлік кемсітушілік мәселесіне назар аударайық. Гендерлік кемсітушілік ерлер мен әйелдердің қоғамда алатын орнының астарында жатқан қоғамдық стандарт болып табылады, бұл сондай-ақ адамдардың ерлер мен әйелдердің сөзі мен жүріс-тұрысынан ұқсас емес күтулері де болып табылады. Әйелдің алатын орны көтерілгенімен, алайда қоғамның әйелге деген көзқарасында үнемі субъективтілікті байқауға болады, жұмыс жағдайының тең еместігі, маңызды лауазымдардағы тең емес көзқарас, бала тууға итермелеу және т.б., тіпті адамдардың айтуы бойынша ерлер мен әйелдердің әзіл қалжыңы да әртүрлі. Ерлер арасында айтылатын қалжыңдарында әйелдердің жеңілтектігі, бұзылғандығы сөз етілсе, ал әйел адамдардың арасында ашықтықтың, оптимизмнің көрінісі бар, тілдегі гендерлік кемсітушілік бұл тереңде жатқан қоғамдық феноменнің жан-жақты көрінісі болып табылады.

*Гендерлік-мәдени қарым-қатынасты шешудің тиімді жолдары.* Ерлер мен әйелдердің әрқайсысының өзіне тән қарым-қатынас сипаттамалары мен стильдері бар. Ер және әйел адамдар қарым-қатынас кезінде, егер гендерлік айырмашылықтар туралы таным түсінігі болмаса, онда өзінің жеке гендерлік мәдени ережелеріне сүйене отырып, қарсы жақтың мінез-құлқына баға беруі, түсінуі жеткіліксіз болады. Екі жақтың да басқалардың мінез-құлқын түсіну үшін өз ережелерін қолдануына жол бермеу үшін бұл мәселені шешудің бірнеше жолы бар деп есептейміз:



### **Қорытынды**

Мәдениетаралық қарым-қатынаста ерлер мен әйелдер арасындағы гендерлік айырмашылықтардың бар екенін толық танып болған кезде ғана, ерлер мен әйелдер арасындағы қарым-қатынастың сипаттамалары мен стильдерін түсініп, қолданамыз, сондай-ақ кедергілерді жеңу үшін қарым-қатынас объектілерін басқалардың көзқарасы бойынша түсінуге, құрметтеуге тырысамыз. Ерлер мен әйелдер қарым-қатынастағы түсініспеушіліктерді азайтамыз, түсіністікті арттырамыз, қарым-қатынас сапасын жақсартып, қарым-қатынастың сәтті болуына ықпал ете аламыз.

Қытай және қазақ тіліндегі мысалдар негізінде күнделікті өмірде әйелдер көңіл күйді білдіретін тілдік категорияны қолданып суреттегенді ұнатады, сондай-ақ көңіл күйді білдіретін, сипаттайтын, одағай сөздер категориясына жататын суреттеу құралдарын қолдануға қабілеттері бар, осылайша өзінің сезімін білдіріп, жеткізе алады. Егер ер адамдардың сөзімен салыстырмалы талдау жүргізетін болсақ, әйелдердің әдетте одағай сөздерді қолдануының мақсаты таңғалу, тәнті болу, қуану, қайғыру, өкіну және басқа да сезімдерді білдіру болып табылатынын анықтаймыз, ал ер адамдар көп жағдайда ашуды білдіретін, қанағаттанбаушылықты білдіретін одағай сөздерді қолданады.

Болашақта мәдениетаралық қарым-қатынастың дамуына ілесіп мәдениетаралық қатынастардың сан алуан қырлары мен гендерлік мәдениет ерекшеліктерін ғылыми зерттеу жалғасын таппақ, осы негізде мәдениетаралық қарым-қатынас қақтығыстарының алдын алуда мәдениетаралық қарым-қатынасты жетілдіру әдістерін ескерген өте маңызды. Әр ұлттың қарым-қатынасының ерекшелігі – оның этникалық, коммуникативті мінез-құлқы. Сондықтан, қазіргідей жаһандану кезеңінде әр халықтың коммуникативті мінез-құлқын гендерлік тұрғыдан жан-жақты зерттеудің маңызы зор.

Гендерлік мәдениет ерекшеліктерін ескере отырып, мәдениетаралық қарым-қатынасты жақсарту үшін ұсынылатын тұжырымдамалар:

1. Гендерлік сезімталдықты арттыру: қарым-қатынас үдерісінде басқа мәдениеттегі гендерлік нормалар мен ережелерді түсініп ескеру маңызды.

2. Білім беру: гендерлік және мәдениетаралық ерекшеліктерді түсіндіретін арнайы тренингтік ұйымдар мен жеке тұлғалар арасындағы қарым-қатынасты жақсарту алады.

3. Диалог пен өзара құрмет: әртүрлі мәдениеттердегі гендерлік нормаларға сыйластықпен қарау және диалог орнату мәдениетаралық қатынас сапасын арттырады.

Мәдениетаралық қарым-қатынастағы гендерлік мәдениетке назар аудару адамдар арасындағы өзара түсіністік пен құрметті нығайтуға көмектеседі.

ӘДЕБИЕТ

[1] Хасанулы Б. Проблемы развития гендерных исследований в казахском языкознании и вопросы женского языка // Язык и культура: функционирование и взаимодействие: материалы международной конференции. – Шымкент, 2003. – С. 47-58.

[2] Введение в теорию гендера / под ред. А. Н. Нысанбаева, Б. Ж. Есекеева, Г. Г. Соловьева и др. – Алматы: Институт философии и политологии МОН РК, 1999. – Вып. 1. – 158 с.

[3] Воронина О. А. Теоретико-методологические основы гендерных исследований // Теория и методология гендерных исследований: Курс лекций / Под общ. ред. О. А. Ворониной. – М.: МЦГИ-МВШСЭН-МФФ, 2001. – С. 13-95.

[4] Лю Вэйхун. Мәдениетаралық қарым-қатынастағы гендерлік және мәдени айырмашылықтарды қысқаша талдау // Гуйчжоу ұлттар университетінің журналы. – 2019. – № 447. (刘卫红. 浅析跨文化交际中的性别文化差异[J]. 贵州民族大学学报. 2019年07期总第447期).

[5] Чжао Хайчэн, Лю Синт. Тілдік гендерлік айырмашылықтар мен трансгендерлік қарым-қатынасты зерттеу / Шэньчжоу күнделікті газетінің 2018 жылғы 8-ші нөмірі. (赵海成,刘心童. 语言性别差异及跨性别交际研究[J]. 神州上旬报刊2018年8期).

[6] Го Вэнью. Қарым-қатынастағы гендерлік тілдік айырмашылықтар // Солтүстік әдебиет журналы, 2016, № 9. (郭文彧. 交际中的性别语言差异[J]. 北方文学学报下旬, 2016年9期).

[7] У Шуцюн. Сөйлесудегі гендерлік тілдік айырмашылықтар және олардың трансгендерлердің мәдени байланысына әсері // Huánghé су ресурстарын қорғау кәсіптік-техникалық колледжінің журналы. – 2003. – № 2. (吴淑琼. 会话中性别语言差异及其对跨性别文化交际影响[J]. 黄河水利职业技术学院学报, 2003年第2期).

[8] Чжун Вэн. Тілдегі гендерлік айырмашылықтар және олардың трансгендерлік қарым-қатынасқа әсері // Чанша университетінің журналы. (钟雯. 语言的性别差异及其对跨性别交际的影响[J]. 长沙大学学报).

[9] Утегулова З. Н., Оразбаева Ф. Ш., Оразалиева Э. Н., Шалқарбек Ә. Тілдік қарым-қатынас: ұстанымдар мен құзыреттіліктер // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ ХАБАРШЫСЫ «Филология ғылымдары» сериясы. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.72.1>

[10] Сун Руцзян. Қытай тіліндегі гендерлік кемсітушілік және гендерлік айырмашылықтар. – Ухань: Хуажун ғылым және технология университетінің баспасы, 2010. (孙汝建, 汉语的性别歧视与性别差异. 武汉: 华中科技大学出版社, 2010年版).

[11] Қазіргі пәнаралық лингвистика / Автор, Вэй Чжицян; баспа, Пекин Тіл және мәдениет институтының баспасы, 1992; ISBN 7561901488, 9787561901489; 269 б. (卫志强. 当代跨学科语言学; 出版社, 北京语言学院出版社, 1992; ISBN 7561901488, 9787561901489).

[12] Чжоу Юсин. Қазіргі заманғы әйелдер психологиясы. – Шанхай: Шанхай әлеуметтік ғылымдар академиясының баспасы, 1998; ISBN 7806184376, 9787806184370; 265 б. (周裕新. 现代女性心理. 上海社会科学院出版社, 1998; ISBN 7806184376, 9787806184370).

[13] Райхан Б. Қытай-қазақ тілдерінің гендерлік айырмашылықтарын салғастырмалы зерттеу: докторлық диссертация. – Ухань: Орталық Қытай Педагогикалық Университеті, 2015. (巴合依拉. 汉-哈语言性别差异对比研究. 博士论文. 武汉市华中师范大学, 2015年).

## REFERENCES

[1] Hasanuly B. Problemy razvitiya gendernyh issledovaniy v kazahskom jazykoznanii i voprosy zhenskogo jazyka [Problems of development of gender studies in Kazakh linguistics and issues of women's language] // Jazyk i kul'tura: funkcionirovanie i vzaimodejstvie: materialy mezhdunarodnoj konferencii. – Shymkent, 2003. – S. 47-58.

[2] Vvedenie v teoriyu gendera [Introduction to Gender Theory] / pod red. A. N. Nysanbaeva, B. Zh. Esekeeva, G. G. Solov'eva i dr. – Almaty: Institut filosofii i politologii MON RK, 1999. – Vyp. 1. – 158 s.

[3] Voronina O. A. Teoretiko-metodologicheskie osnovy gendernyh issledovaniy [Theoretical and methodological foundations of gender studies] // Teoriya i metodologiya gendernyh issledovaniy: Kurs lekcij / Pod obshh. red. O. A. Voroninoj. – M.: MCGI-MVShSJeN-MFF, 2001. – S. 13-95.

[4] Lju Vjejhun. Mәdenietaralyқ қарым-қатынастары genderlik zhәne mәdeni ajymashylyqtardy kysқasha taldau [A brief analysis of the gender genre in cultural relations] // Gujchzhou ұлттар университетінің zhurnalы. – 2019. – № 447. (刘卫红. 浅析跨文化交际中的性别文化差异[J]. 贵州民族大学学报. 2019年07期总第447期).

[5] Chzhao Hajchjen, Lju Sint. Tildik genderlik ajymashylyqtar men transgenderlik қарым-қатынасты зерттеу [Linguistic gender differences and transgender relationships] / Shjen'chzhou күндelikti gazetiniң 2018 zhylygy 8-shi nәmiri. (赵海成,刘心童. 语言性别差异及跨性别交际研究[J]. 神州上旬报刊 2018年8期).

[6] Go Vjen'ju. Қарым-қатынастары genderlik tildik ajymashylyqtar [Gender relations linguistic differences] // Soltystik әdebiet zhurnalы. – 2016. – № 9. (郭文彧. 交际中的性别语言差异[J]. 北方文学学报下旬, 2016年9期).

[7] U Shucjun. Sәjlesudegi genderlik tildik ajymashylyqtar zhәne olardyң transgenderlerdiң mәdeni bajlanysyna әseri [The influence of gender linguistic differences in conversation on the cultural communication of transgenders]. Nuánghé su resurstaryn қорғау кәсіптік-техникалық колледzhiniң zhurnalы, 2003, № 2. (吴淑琼. 会话中性别语言差异及其对跨性别文化交际影响[J]. 黄河水利职业技术学院学报, 2003年第2期).

[8] Chzhun Vjen. Tildegі genderlik ajymashylyqtar zhәne olardyң transgenderlik қарым-қатынасқа әseri [The effect of gender differences in

language] // Chansha universitetiniñ zhurnaly. (钟雯. 语言的性别差异及其对跨性别交际的影响[J]. 长沙大学学报).

[9] Utegulova Z. N., Orazbaeva F. Sh., Orazalieva Je. N., Shalkarbek Ә. Tildik қарым-қатынас: ұстанымдар мен қызыретіліктер [Language relations: skills and competencies] // Abylay han atyndaғы ҚазНҚ және ӘТУ НАВАРШЫСЫ “Filologija ғылымдары” serijasy. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.72.1>

[10] Sun Ruczjan. Қытай тилиндегі гендерлік кемситушілік және гендерлік айырмашылықтар [Gender discrimination and gender differences in Chinese]. – Uhan’: Huazhun ғылым және технология университетінің баспасы, 2010. (孙汝建, 汉语的性别歧视与性别差异. 武汉: 华中科技大学出版社, 2010年版).

[11] Vjej Chzhicjan. Қазіргі пән аралық лингвистика [Modern linguistics]. баспа, Пекин Тіл және мәдениет институтының баспасы, 1992; ISBN 7561901488, 9787561901489; 269 б. (卫志强. 当代跨学科语言学; 出版社, 北京语言学院出版社, 1992; ISBN 7561901488, 9787561901489).

[12] Chzhou Jusin. Қазіргі заманғы әйелдер психологиясы [Modern female psychology]. – Шанхай: Шанхай әлеуметтік ғылымдар академиясының баспасы, 1998; ISBN 7806184376, 9787806184370; 265 б. (周裕新. 现代女性心理. 上海社会科学院出版社, 1998; ISBN 7806184376, 9787806184370).

[13] Rajhan B. Қытай-қазақ тілдерінің гендерлік айырмашылықтарын салыстырмалы зерттеу [Research on the gender differences of Chinese-Kazakh languages]: докторлық диссертация. – Uhan’: Орталық Қытай Педагогикалық Университеті, 2015. (巴合依拉. 汉-哈语言性别差异对比研究. 博士论文. 武汉市华中师范大学, 2015年).

## КРАТКИЙ ОБЗОР ГЕНДЕРНО-КУЛЬТУРНЫХ РАЗЛИЧИЙ В МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ (НА МАТЕРИАЛЕ КИТАЙСКОГО И КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОВ)

\*Райхан Б.<sup>1</sup>, Буркитбай Г.Ж.<sup>2</sup>, Меллат Д.<sup>3</sup>, Адилали Ж.<sup>4</sup>

\*<sup>1,2,3,4</sup> КазУМО и МЯ имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

**Аннотация.** Межкультурное общение – это процесс обмена информацией и достижения взаимопонимания между представителями разных культур. Во время этого процесса гендерные роли и нормы в каждой культуре играют особую роль, поскольку в каждой культуре гендерные роли формируются по-разному. Гендерная культура – это совокупность социальных структур и норм, касающихся поведения и роли мужчины и женщины в обществе. В разных культурах представления о социальном статусе, роли, поведении и отношениях между мужским и женским полом варьируются. Эти понятия определяют особенности гендерной культуры в каждой культуре.

В статье проведен обзор взаимоотношений между гендерными и культурными аспектами в процессе межкультурной коммуникации. Анализируются факторы, определяющие гендерные роли в различных

культурах, и их влияние на стратегии взаимоотношений. Основное внимание уделяется формированию представлений о гендере путем критического рассмотрения культурных стереотипов. Исследование также показывает возможные способы преодоления барьеров для достижения межкультурного понимания и благополучных отношений в различных социокультурных контекстах. Цель исследования – выявить эффективные методы адаптации и совместного взаимодействия, способствующие повышению качества межкультурного общения.

В данной статье представлен краткий обзор гендерно-культурных различий в межкультурной коммуникации, а также показано влияние факторов, формирующих эти различия.

В исследовательской работе были использованы такие методы как описание, анализ, сравнение и сопоставление. Результаты исследования включают основные факторы, определяющие успешность и эффективность межкультурного общения. Он имеет теоретическое и практическое значение для разработки стратегий обучения, адаптации и межкультурного взаимодействия, способствуя созданию более гармоничных и продуктивных межкультурных отношений в различных сферах жизни и профессиональной деятельности.

Изучение социально - экономического, политического и культурного статуса, гендерных ролей и гендерных установок женщины и мужчины – требование времени. В соответствии с этим, каждому представителю пола необходимо выполнение требований, признанных обязательными в обществе, таких как речевая этика, характер, физические жесты и т. д.

**Ключевые слова:** межкультурное общение, гендерная специфика, гендерная культура, стиль речи, общественный фактор, особенности общения, психологические различия, физиологические различия

## **A BRIEF OVERVIEW OF GENDER CULTURAL DIFFERENCES IN INTERCULTURAL COMMUNICATION (BASED ON CHINESE AND KAZAKH LANGUAGES)**

\*Raykhan B.<sup>1</sup>, Burkitbai G.Zh.<sup>2</sup>, Mellat D.<sup>3</sup>, Adilali Zh.<sup>4</sup>

\*<sup>1,2,3,4</sup> KazUIRandWL named after Ablai Khan, Almaty, Kazakhstan

**Abstract.** Intercultural communication is the process of exchanging information and achieving mutual understanding between representatives of different cultures. During this process, gender roles and norms in each culture play a special role, since gender roles are formed differently in each culture. Gender culture is a set of social structures and norms regarding the behavior and role of male and female in society. In different cultures, perceptions of the social status, role, behavior, and relationships between male and female vary. These concepts determine the characteristics of gender culture in each culture.

The article offers deep review of the relationship between gender and cultural

aspects in the process of intercultural communication. The factors that determine gender roles in different cultures and their influence on communication strategies are analyzed. Through the critical consideration of cultural stereotypes, emphasis is placed on the formation of ideas about gender. The study also highlights possible ways to overcome barriers to achieving intercultural understanding and successful communication in different sociocultural contexts.

The results of the study include the main factors that determine the success and effectiveness of intercultural communication. It has theoretical and practical significance for the development of strategies for training, adaptation and intercultural interaction, contributing to the creation of more harmonious and productive intercultural relationships in various areas of life and professional activity. The purpose of the study is to identify the effective methods of adaptation and joint interaction that contribute to improving the quality of intercultural communication.

The research work used such methods as description, analysis, comparison and contrast. The study of the socio-economic, political and cultural status, gender roles and gender attitudes of female and male is a requirement of the time. Accordingly, each representative of the sex must fulfill the requirements recognized as mandatory in society, such as speech ethics, character, physical gestures, etc.

**Keywords:** intercultural communication, gender identity, gender culture, speech style, social factor, communication features, psychological differences, physiological variations

*Мақала түсті: 28 қаңтар 2024*

***Авторлар туралы мәлімет:***

Райхан Багила – PhD, аға оқытушы, Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ, Алматы, Қазақстан, e-mail: bagila058@mail.ru

Бүркітбай Гаухар Жасаповна – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ, Алматы, Қазақстан, e-mail: gjbi@mail.ru

Меллат Дилнар – аға оқытушы, Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ, Алматы, Қазақстан, e-mail: dinay0319@163.com

Адилали Жазира – аға оқытушы, Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ, Алматы, Қазақстан, e-mail: zhazira.adilali@mail.ru

***Информация об авторах:***

Райхан Багила – PhD, старший преподаватель, КазУМОиМЯ имени Абылай хана, Алматы, Казахстан, e-mail: bagila058@mail.ru

Буркитбай Гаухар Жасаповна – кандидат филологических наук, профессор, КазУМОиМЯ имени Абылай хана, Алматы, Казахстан, e-mail: gjbi@mail.ru



Райхан Б., Бүркітбай Г.Ж., Меллат Д., Adilali Zh.

---

Меллат Дилнар – старший преподаватель, КазУМОиМЯ имени Абылай хана, Алматы, Казахстан, e-mail: dinay0319@163.com

Адилали Жазира – старший преподаватель, КазУМОиМЯ имени Абылай хана, Алматы, Казахстан, e-mail: zhazira.adilali@mail.ru

***Information about the authors:***

Raykhan Bagila – PhD, Senior Lecturer, KazUIRandWL named after Ablai Khan Almaty, Kazakhstan, e-mail: bagila058@mail.ru

Burkitbai Gauhar – Candidate of Philological Sciences, Professor, KazUIRandWL named after Ablai Khan, Almaty, Kazakhstan, e-mail: gjbi@mail.ru

Mellat Dilnar – Senior Lecturer, KazUIRandWL named after Ablai Khan, Almaty, Kazakhstan, e-mail: dinay0319@163.com

Adilali Zhazira – Senior Lecturer, KazUIRandWL named after Ablai Khan, Almaty, Kazakhstan, e-mail: zhazira.adilali@mail.ru